

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
МЕДЕУ АУДАНДЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҮЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН
2016 ж. - 15 - 11 өткізілді
№ 10381-1910-06-АК (ШЛК) куәлік
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА
- 15 - 11 20 16 г.
свидетельство № 10381-1910-06-АК
БСНБИН 161140015023

2016 жылдың «21» қазанындағы
ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ
№ 1 ХАТТАМАСЫМЕН
БЕКІТІЛДІ

«KAZAKHMYS COPPER» (ҚАЗАҚМЫС КОПЕР)
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ

**«KAZAKHMYS COPPER» (ҚАЗАҚМЫС КОППЕР)
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 АНЫҚТАМАЛАР

«Аффилирленген тұлға» дегеніміз тікелей және (немесе) жанам түрде басқа тұлғаның (тұлғалардың бірінін) қабылдайтын шешіміне ықпал ететін және (немесе) ықпал етуі ықтимал, соның ішінде мәміле жасау мәселелері да бар, жеке немесе заңды тұлға (өздеріне берілген құзырлары төңірегінде мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды санамағанда). Аффилирленген тұлға деп танылатын тұлғалар тізімі АҚ туралы Заңда көрсетілген.

«Активтер» дегеніміз каржылық есеп-қисап стандарттарында көрсетілген анықтамаға сай ұғым.

«Кеңес» немесе **«Директорлар кеңесі»** осы Жарғының 8-бабына сай құрылған директорлар Кеңесі.

«Шаруашылық қызмет» немесе **«Қызмет»** дегеніміз осы Жарғының 4-бабына сай жүзеге асырылатын Қоғамның кез-келген шаруашылық әрекеттері.

«Төраға» дегеніміз Директорлардың 8-бапқа сай тағайындайтын директорлар Кеңесінің Төрағасы.

«Жарғы» дегеніміз Қоғамның заңды тұлға ретіндегі мәртебесін анықтайтын құжат.

«Комитет» немесе **«Комитеттер»** осы Жарғының 9-бабына және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сай құрылған директорлар Кеңесінің комитеті (тері).

«Сарапшы» дегеніміз белгілі Комитетте жұмыс жасауға қажетті біліктілігі бар кәсіби тұлға.

«Жай акциялар» одегеніміз Қоғам шығарған қарапайым акциялар.

«Қоғам» дегеніміз акционерлік қоғам, оны Құрылтай жиналысы «» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігін осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларының талаптарына сай «Қаражыра» Акционерлік қоғамына түрлендіру жолымен қайта құру арқылы

«Тіркелу күні» дегеніміз Қоғамның құзырлы органда Акционерлік қоғам үлгісінде заңды тұлға ретінде тіркелген күні.

«Директор» дегеніміз директорлар Кеңесінің мүшесі.

«Атқарушы орган» немесе **«Бас директор»** дегеніміз Қоғамның жалғыз атқарушы органы, ол осы Жарғының 10-бабына сай тағайындалады.

«Қаржылық жыл» дегеніміз Қоғамда «1» қаңтардан бастап «31» желтоқсанға дейін созылатын күнтізбелік жыл.

«Құрылтай құжаттары» дегеніміз Қоғамның Жарғысы мен құрылтайшылық Келісім-шарты.

«Құрылтайшы» дегеніміз Қоғамның Акционері.

«Аудиторлық ұйым» – қаржылық есеп-кисаптарға және қызмет саласына байланысты қаржылық есептер мен басқа да ақпараттарға аудит жүргізумен айналысатын коммерциялық ұйым.

«Рұқсаттаушы құжаттар» дегеніміз Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай құзырлы органдар берген лицензиялар, рұқсаттар, келісімдер немесе басқа да санкциялар.

«Тәуелсіз директор» дегеніміз директорлар Кеңесінің осы Акционерлік қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылмайтын және өзі директорлар Кеңесіне мүше болып тағайындалғанға дейінгі үш жылда аффилиирленген тұлға болмаған (оның осы Акционерлік қоғамның тәуелсіз Директоры лауазымында болған жағдайын санамағанда), осы Акционерлік тұлғаның аффилиирленген тұлғаларына қатысты аффилиирленген тұлға болып танылмайтын; құзырлық тәуелділігі бойынша осы Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғаларына немесе ұйымына – аффилиирленген тұлғаларына қатысы жоқ және құзырлық тәуелділігі бойынша осындай тұлғалармен өзі директорлар Кеңесіне мүше болып тағайындалғанға дейінгі үш жылда қатысы болмаған; мемлекеттік қызметкер болып табылмайтын; осы Акционерлік қоғамның Органдарының жиналыстарында Акционердің өкілі болып табылмайтын және өзі директорлар Кеңесіне мүше болып тағайындалғанға дейінгі үш жылда осындай өкіл болмаған; осы Акционерлік қоғамның аудитіне аудитор ретінде қатыспайтын, аудиторлық ұйым құрамында жоқ және өзі директорлар Кеңесіне мүше болып тағайындалғанға дейінгі үш жылда оның құрамында болмаған мүшесі.

«Ішкі құжаттар» дегеніміз Жрағыға сай бекітілген және Қоғамның қызметтерін реттейтін құжаттар, с.і. Қоғамның директорлар Кеңесінің және оның Комитеттерінің қызметтерін регламенттейтін, саудалау тәртіптері мен шарттарын анықтайтын, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу тәртіптерін бекітетін, құпиялық мәселелері мен басқа да жағдаяттарды реттейтін құжаттар да бар.

«АҚ туралы Заң» дегеніміз Қазақстан Республикасының 2003 жылдың «13» мамырында қабылдаған № 415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы.

«Ірі мәміле» дегеніміз (i) АҚ туралы Заң бойынша «ірі мәміле» деп танылатын мәміле; (ii) нәтижесінде Қоғам жалпы құны Қоғамның Ақтвитерінің баланстық құнының 25 (жиырма бес) пайызын немесе одан да көп бөлігін құрайтын Ақтвитерді иелікке алатын немесе оның иелігінен алынатын (иелікке алуы немесе иелігінен алынуы ықтимал) мәміле немесе өзара сабақтас бірнеше мәмілелер жиынтығы; (iii) нәтижесінде Қоғамның орналастырылған бағалы қағаздарының бір түрінің Қоғам орналастырған бағалы қағаздардың 10 (он) пайызы немесе одан да көп бөлігі сатылып алынатын немесе сатылып алынуы ықтимал мәміле немесе өзара сабақтас бірнеше мәмілелер жиынтығы.

«Тіркеуші» дегеніміз Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Құрылтай құжаттарына сай Қоғамның Акционерлерінің тіркемесін жүргізуге

құзырлы «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркемесі» АҚ, оның құқықтық мирасқорлары мен цессионарилерін қоса алғанда.

«Мүдделі мәміле» дегеніміз: (i) Қоғамның Аффилиирленген тұлғасы осында мәміленің бір тарабы болып табылатын немесе өкіл, болмаса делдал ретінде қатысатын мәміле; немесе (ii) Қоғамның Аффилиирленген тұлғасы осындай мәміленің басқа тарабының өкіл немесе делдал ретінде әрекет ететін Аффилиирленген тұлғасы болып танылатын мәміле.

«Қарапайым көпшілік» дегеніміз құзырлы дауыстың 50 (елу) пайыздан астамы.

«Білікті көпшілік» дегеніміз кемінде төрттен бір болатын көпшілік.

«Акционер» дегеніміз акция иесі болып табылатын тұлға.

«Бас акционер» дегеніміз акционер немесе өзара жасалатын келісім негізінде әрекет ететін бірнеше акционер, оған (оларға бірге алғанда) Қоғамның дауыс беретін акцияларының он пайызы немесе одан да көп бөлігі тиесілі.

1.2 Қоғам Қазақстан Республикасының азаматтық Кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға, Құрылтай құжаттарына сай құрылады.

1.3 Қоғамның толық атауы:

| | |
|--------------------|--|
| Мемлекеттік тілде: | «Kazakhmys Copper» (Қазақмыс Коппер) акционерлік қоғамы. |
| Орыс тілінде: | Акционерное Общество «Kazakhmys Copper» (Казахмыс Коппер). |
| Ағылшын тілінде: | «Kazakhmys Copper» Joint Stock Company. |

1.4 Қоғамның қысқартылған атауы:

| | |
|--------------------|--|
| Мемлекеттік тілде: | «Kazakhmys Copper» (Қазақмыс Коппер) АҚ. |
| Орыс тілінде: | АО «Kazakhmys Copper» (Казахмыс Коппер). |
| Ағылшын тілінде: | «Kazakhmys Copper» JSC. |

1.5 Атқарушы органның орналасқан жері: 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Самал-2 ықшам ауданы, 69А-үй.

1.6 Жарғының және оның негізінде құрылған Қоғамның жарамдылығы мен әрекет ету мерзімі шектелмейді.

2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

2.1 Қоғам заңды тұлға болып табылады, иелігінде ерекшеленген мүлкі бар және өзінің міндеттері бойынша сол мүлкімен жауапты, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді алу мен жүзеге асыруға, сотта шағымданушы болуға және жауап беруші болуға, Тіркелген күннен бастап Акционерлік қоғамның құқықтарын иеленуге құқылы.

- 2.2 Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы, Құрылтай құжаттары, Ішкі құжаттар және Акционерлердің Жалпы жиналыстарының (Бас акционер) шешімдері негізінде әрекет етеді. Шаруашылық қызметі Тіркелген күннен басталады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларының талаптарына сай Рұқсаттаушы құжатты алуды талап ететін және осындай рұқсаттаушы құжатты алғаннан кейін ғана бастауға болатын Шаруашылық қызметтің жекелеген түрлерін санамағанда.
- 2.3 Қоғамның дербес балансы, банктік шоттары мен мөрі, атауы мен түсбелгісі көрсетілген бланктары бар. Қоғамның мөрінде Қоғамның тіркелген шет тілдегі атауының, сауда белгісінің, түсбелгісі мен басқа да ерекшелешуші белгінің көрсетілуі мүмкін.
- 2.4 Қызметтерінің мақсаттары үшін Қоғам: мәмілелер жасауға, иелігіне мүлік алуға, жауапкершілікті алуға, сотта шағымданушы және жауап беруші болуға, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.
- 2.5 Қоғам Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде директорлар Кеңесінің шешімі негізінде өкілдіктер мен филиалдар ашуға және олардың қызметтерін Қазақстан Республикасының заңнамалары мен Құрылтай құжаттарына сай ұйымдастыруға құқылы. Қоғамның өкілдіктері мен филиалдары директорлар Кеңесі бекітетін осындай филиалдар мен өкілдіктер туралы Ережеге сай қызмет етеді.
- 2.6 Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамаларына және осы Жарғыға сай басқа заңды тұлғалардың құрылуына және олардың қызметтеріне қатысуға құқылы.
- 2.7 Қоғам өзінің міндеттері бойынша өзінің барлық мүлкімен жауап береді және Акционерлерінің міндеттері бойынша жауапты емес. Акционерлер Қоғамның міндеттері бойынша жауапты емес, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында қарастырылған жағдайларды санамағанда.
- 2.8 Қоғам өзінің қызметін, бухгалтерлік және қаржылық құжаттары мен есеп-кисаптарын Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп туралы заңдары мен халықаралық қаржылық есеп стандарттарының талаптарына сай жүргізуге міндетті.
- 2.9 Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

3. АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1 Акционер құқылы:

- 3.1.1 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Жарғыға сай Қоғамның қызметіне және оны басқаруға қатысуға;
- 3.1.2 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Жарғыға, Акционерлердің Жалпы жиналысының (Бас акционер) шешімдеріне сай дивидендтер алуға;
- 3.1.3 Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, Қоғамның қаржылық есеп-кисаптарын, бухгалтерлік және басқа да құжаттарын қоса алғанда (аудит,

жазбаша немесе ауызша өтініштер және т.б.), Акционерлердің Жалпы жиналысы (Бас акционер) бекіткен және осы Жарғыда анықталған тәртіп бойынша алуға;

- 3.1.4 тіркеушіден немесе номиналды иегерден бағалы қағазға қатысты құқығын растайтын үзінді көшірме алуға;
 - 3.1.5 Қоғамның жалпы жиналысына Қоғамның директорлар Кеңесіне тағайындау үшін үміткерлер ұсынуға;
 - 3.1.6 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай өзіне тиесілі Қоғамның бағалы қағаздарын және акцияларын жұмсауға;
 - 3.1.7 Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді сот арқылы даулауға;
 - 3.1.8 өз еркінше немесе басқа Акционерлермен бірлесе отырып Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес немесе одан да көп пайызына ие болса сот органдарына өз атынан ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға сәйкес Қоғамға Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың Аффилиирленген тұлғаларының келтірген шығындарын өтеу және Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларына ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына мүдделі болған көлемді мәмілелерді жасау (жасауды ұсыну) нәтижесінде алынған пайданы (кірісті) қайтару талабымен жүгінуге;
 - 3.1.9 Қоғамға қызметі туралы ақпарат беру туралы жазбаша өтініш жасауға осындай өтініш Қоғамда қабылданған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде тиісті жауап алуға;
 - 3.1.10 Қоғам таратылатын болса мүліктің тиісті бөлігін иеленуге;
 - 3.1.11 Қоғамның акцияларына конвертацияланатын акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында қарастырылған тәртіп бойынша басым құқықпен иеленуге, ҚР қолданыстағы заңнамасында қарастырылған ерекше жағдайларды санамағанда;
 - 3.1.12 Акционерлердің жалпы жиналысының Қоғамның акцияларының санын өзгерту немесе ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында қарастырылған тәртіп бойынша олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға;
 - 3.1.13 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған өзге де құқықтарды иеленуге және оларды жүзеге асыруға.
 - 3.1.14 Жеке өзі немесе басқа акционерлермен бірлескен түрде Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес немесе одан да көп пайызына ие болса директорлар Кеңесіне «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтарды енгізуді талап етуге;
 - 3.1.15 Қазақстан Республикасының заңнамасында, Құрылтай құжаттарында қарастырылған өзге де құқықтарға ие болуға. Осы Жарғының 3.1-бабында қарастырылған құқықтары шектелмейді.
- 3.2 Акционер міндетті:
- 3.2.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Жарғыда қарастырылған талаптарды сақтауға;

- 3.2.2. Қоғамның акцияларын өтеуге;
- 3.2.3. 10 (он) күн ішінде белгілі акционерге тиесілі акцияны тіркеушіге және оның номиналдық несіне Қоғам акцияларының иелерінің тіркемесін жүргізу жүйесіне қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы мәлімдеме жасауға;
- 3.2.4. қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпия деп танылатын Қоғам және оның қызметі туралы ақпаратты жарияламауға;
- 3.2.5. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Қоғамның Құрылтай құжаттарында қарастырылған басқа да міндеттерді қабылдауға және орындауға.

4. ҚОҒАМНЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ

- 4.1 Қоғам қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасында осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай шаруашылық қызметтермен айналыса отырып пайда алу болып табылады. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған төмендегі шаруашылық қызметтермен айналысатын болады, төменде көрсетіліп отырған қызмет түрлерін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмейді:
 - 4.1.1 Холдингтік компания қызметтерін атқару;
 - 4.1.2 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сай сыртқы экономикалық қызмет;
 - 4.1.3 коммерциялық қызметтерді басқару жөніндегі қызметтер;
 - 4.1.4 инвестициялық жобаларды әзірлеу және оларды басқару;
 - 4.1.5 инвестициялар тарту;
 - 4.1.6 кеңес беру, ақпараттық және талдау қызметтерін көрсету;
 - 4.1.7 тек қана Қоғамның корпоративтік мақсатына қажетті көлемде импорттық немесе экспорттық қызметтермен айналысу;
 - 4.1.8 Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде мүлікті жалдау-жалға алу, сату, сатып алу немесе басқа да амалмен иелікке алу, соның ішінде жылжымайтын мүлік те бар, сондай-ақ осындай мүлікті Қоғамның қызметтік мақсаттары мен басқа тұлғаларға қосымша жалға беру мақсатында пайдалану;
 - 4.1.9 Қоғамның шаруашылық қызметтерін жүзеге асыруға қажетті жабдықтарды, материалдар мен қызметтерді сатып алу;
 - 4.1.10 Қазақстан Республикасындағы және одан тыс жерлердегі кездесулерге, семинарларға, көрмелерге және жәрмеңкелерге қатысу;
 - 4.1.11 Қоғамның Активтеріне кепіл болу және оларды шартты міндеттерін қамтамасыз ету үшін кепілдікке беру, теңгемен және басқа валютамен алынатын қаржыландыруды қоса алғанда;
 - 4.1.12 одақтарға, ассоциацияларға және басқа да бірлестіктерге қатысу;
 - 4.1.13 Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде рұқсатталған инвестициялардың барлық түрлерін жүзеге асыру;
 - 4.1.14 Қызметтердің қолданыстағы заңнамаларда тыйым салынбаған, Қоғамның осы Жарғыда қарастырылған мақсаттары мен міндеттеріне сай келетін басқа да қызмет түрлерімен айналысу.

Барлық Шаруашылық қызмет Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай жүзеге асырылады, егер қажет болса, арнайы Рұқсаттаушы құжаттар алынғаннан кейін атқарылады.

4.2 Қоғам Шаруашылық қызметін жүзеге асыру юарысында Құрылтай құжаттарын, Ішкі құжаттарды, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын және Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдерін басшылыққа алады.

4.3 Қоғам қызметін өзінің атынан Акционерлердің мүддесіне орай мақсаты пайда алу болып табылатын, Акционерлердің күтетін нәтижесіне сәйкес Шаруашылық қызметті тиісті түрде жүзеге асыру қағидаттарына сүйене отырып атқарады және оған қатысты тәуекелдер мен жауапкершілікті өз мойнына алады. Дивидендтер Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімінің негізінде, Құрылтай құжаттарының талаптары бойынша бөлінеді.

5. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

5.1 Қоғамның органдары:

- 1) Бас орган – Акционерлердің Жалпы жиналысы (Бас акционер);
- 2) Басқарушы орган – директорлар Кеңесі;
- 3) Атқарушы орган – Басқарма.

5.2 Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сай өзге де органдар құра алады. Қоғамды басқару органдарының құрамы, олардың құзырлары, қалыптастырылуы мен құзырларының тоқтатылуы Қоғамның Жарғысында қарастырылған.

6. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

6.1 Қоғамды басқаратын Басты орган – Акционерлердің Жалпы жиналысы (Бас акционер). Дауыс беретін барлық акциялар бір акционерге тиесілі болып табылатын Қоғамда акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілмейді. «Акционерлік қоғамдар туралы» Заң және (немесе) Қоғамның Жарғысы бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының құзырына жататын мәселелер бойынша шешімдерді осындай Акционер өз бетінше қабылдайды және мұндай шешімдер жазбаша түрде ресімделеді.

6.2 Қоғамның дауыс беретін барлық акцияларының барлығына ие болып табылатын акционерлердің Жалпы жиналысының (Бас акционер) қарауына белгілі мәселелерді шығару туралы шешімді директорлар Кеңесі немесе Қоғамның Басқармасы қабылдай алады. Акционерлердің Жалпы жиналысы (Бас акционер) басқа да мәселелерді қарастыра алады, егер олар бойынша шешім қабылдау Акционерлердің Жалпы жиналысының (Бас акционердің) құзырына жататын болса. Директорлар Кеңесінің Төрағасы Қоғамның Акционерлерінің Жалпы жиналысын (Бас акционер) қалыптастырады, Қоғамның директорлар Кеңесі мен атқарушы органының мүшелерінің құрамы мен сыйлықақыларының мөлшерін бекітеді.

6.3 Қоғамның жарияланған акциялары мемлекеттік тіркеуден өткен және есепке алынуын Тіркеуші жүргізетін бағалы қағаз иелерінің қалыптастырылу жүйесі жасалған уақыттан астап 2 (екі) ай ішінде Акционерлердің бірінші Жалпы жиналысын өткізуге және директорлар Кеңесінің мүшелерін тағайындау туралы шешім қабылдауға міндетті.

- 6.4 Акционерлердің Жалпы жиналысы (Бас акционер) жыл сайын, қаржылық жыл аяқталғаннан кейін бес ай ішінде Акционерлердің Жалпы жиналысының құзырына жататын мәселелер бойынша шешімдерді ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 35-бабының 2-тармағына сай қабылдауға міндетті. Есептік кезең бойынша Қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған уақыттың 3 (үш) айға дейін ұзартылуы ықтимал.
- 6.5 Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларының талаптары бойынша өзге жағдайлар қарастырылмаған болса, Акционерлердің Жалпы жиналысы (Бас акционер) төмендегі мәселелер бойынша ерекше құзырға ие:
- 6.5.1 Қоғамның Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа мазмұнда бекіту;
 - 6.5.2 Корпоративтік басқару Кодексін, оған енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
 - 6.5.3 Қоғамды ерікті түрде тарату немесе түрлендіру;
 - 6.5.4 Қоғамның жарияланған акциялар санын арттыру немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 6.5.5 Қоғамның бағалы қағаздарын конвертациялау, сондай-ақ оларды өзгерту тәртібі мен шарттарын анықтау;
 - 6.5.6 Қоғамның жай акцияларына конвертацияланатын бағалы қағаздар шығару туралы шешім қабылдау;
 - 6.5.7 Қоғамның орналастырылған бір түрлі акцияларын басқа түрге ауыстыру туралы шешім қабылдау, осындай айырбастау тәртібі мен шарттарын анықтау;
 - 6.5.8 директорлар Кеңесі мүшелерінің сандық құрамын анықтау, қызмет мерзімдерін бекіту, оның мүшелерін тағайындау және мүшелерінің лауазымын уақытынан бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар Кеңесінің мүшелеріне лауазымдық қызметтері үшін берілетін сыйақылар мөлшері мен оларды беру тәртібін анықтау;
 - 6.5.9 Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
 - 6.5.10 Қоғамның жылдық қаржылық есебін бекіту;
 - 6.5.11 тиісті кезең аяқталған соң Қоғамның қаржылық есеп-қисабына аудит жүргізілгеннен кейін Қоғамның есептік кезеңдегі жылдық таза табысын бөлу тәртібін анықтау, жай акциялар бойынша Дивидендтерді өтеу туралы шешім қабылдау және бір жай акция есебімен алғандағы Дивиденд мөлшерін анықтау;
 - 6.5.12 Қоғамның жай акциялары бойынша Дивидент өтемеу туралы шешім қабылдау;
 - 6.5.13 Қоғам акцияларының листингі және ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
 - 6.5.14 Қоғамның басқа заңды тұлғаларға қатысуы немесе басқа заңды тұлғалардың қызметіне қатысуы, басқа заңды тұлғалардың Акционерлерінің (Қатысушыларының) құрамынан Қоғамның барлық Активтерін немесе жалпы көлемі Қоғам Активтерінің 25 (жиырма бес) пайызын немесе одан да

көбін құрайтын бөлігін табыстау (алу) арқылы шығу туралы шешім қабылдау;

- 6.5.15 Қоғамның Акционерлерге Акционерлердің Жалпы жиналысын шақырту туралы мәлімдеме жасау үлгісін бекіту және осындай ақпараттың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы туралы шешім қабылдау;
 - 6.5.16 «АҚ туралы» Заңға сәйкес Қоғамның акциялары ұйымдастырылған саудадан сатылып алынатын жағдайда олардың бағасын анықтау әдістемесіне өзгерту енгізу туралы шешімдер қабылдау;
 - 6.5.17 Акционерлерге Шаруашылық қызмет туралы ақпарат беру тәртіптерін анықтау, соның ішінде қолданылатын бұқаралық ақпарат құралын анықтау, егер Қоғамның Жарғысында мұндай тәртіп қарастырылмаған болса;
 - 6.5.18 «алтын акция» енгізу және оны алып тастау;
 - 6.5.19 Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 6.5.20 Акционерлік қоғамның ірі мәміле жасауы туралы шешім қабылдау, егер нәтижесінде Қоғам осындай мәміле жасау туралы шешім қабылдаған күнгі Акционерлік қоғамның активтерінің баланстық құнының елу немесе одан да көп пайызы иеліктен айырылатын болса (иеліктен айырылуы ықтимал болса), салдарынан жалпы мүліктің елу немесе одан да көп пайызы иеліктен айырылатын болса (иеліктен айырылуы ықтимал болса).
 - 6.5.21 «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға және (немесе) Қоғамның Жарғысына сай қабылданатын шешімдер Акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзырына жатқызылған басқа да мәселелер.
- 6.6 Қабылданатын шешімдер Акционерлердің Жалпы жиналысының құзырына ғана жататын мәселелер Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының немесе жұмыскерлерінің қарауына тапсырылмайды, егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында өзге жағдайлар қарастырылмаған болса.
- 6.7 Акционерлердің Жалпы жиналысы (Бас акционер) Қоғамның ішкі қызметіне қатысты қабылданған кез келген Органның шешімін жоюға құқылы.
- 6.8 Акционерлердің Жалпы жиналысында осы баптың 6.5.2, 6.5.3, 6.5.4, 6.5.16-тармақшаларында аталған мәселелер бойынша қабылдайтын шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының білікті көпшілігімен қабылданады.
- 6.9 Басқа мәселелер бойынша Қоғам Акционерлерінің Жалпы жиналысы (Бас акционер) шешімдерді «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға сәйкес Қоғамның дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

7. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ШАҚЫРТУ, ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

- 7.1 Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын директорлар Кеңесі шақыртады.
- 7.2 Акционерлердің (Бас акционер) кезектен тыс Жалпы жиналысы:

1) директорлар Кеңесінің;

- 2) Бас акционердің бастамасымен шақыртылады.
- 7.3 Акционерлердің Жалпы жиналысын дайындау мен өткізуді:
- 1) Аткарушы орган (Бас директор);
 - 2) жасалатын келісім-шарт негізінде Тіркеуші;
 - 3) директорлар Кеңесі;
 - 4) тарату Комиссиясы жүзеге асырады.
- 7.4 Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыртуға, ұйымдастыруға және өткізуге қатысты шығыстар Қоғам қаражаты есебінен өтеледі, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда қарастырылған жағдайларды санамағанда.
- 7.5 Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысының (Бас акционер) кез келген мүдделі тұлғадан түскен шағым негізінде сот қабылдайтын шешім негізінде, Қоғамның органдары Акционерлердің Жалпы жылдық жиналысын шақырту мен өткізудің «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда қарастырылған тәртібін бұзған жағдайда шақыртылуы және өткізілуі мүмкін.
- 7.6 Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы Қоғамның Бас Акционерінің шағымы негізінде қабылданған сот шешімі арқылы Қоғамның органдары Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырту талабын орындамаған жағдайда шақыртылады.
- 7.7 Бас Акционердің бастамасы бойынша Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізу оның Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырту туралы талабы негізінде жүзеге асырылады, мұндай талап директорлар Кеңесіне тиісті жазбаша өтініштің Аткарушы органның орналасқан жеріне жолдануы арқылы жеткізіледі, онда күн тәртібінің көрсетілуі керек.
- 7.8 Акционерлердің (Бас акционер) кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырту туралы талаптың, сонымен қатар күн тәртібінің «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға сай ресімделуі керек.
- 7.9 Директорлар Кеңесі аталған талап алынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шешім қабылдауға және шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешікпейтін уақытта осы талапты жолдаған тұлғаға Акционерлердің (Бас акционер) кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырту туралы шешім қабылдағандығын немесе мұндай шешім қабылдаудан бас тарту себебін мәлімдеме арқылы жеткізуге міндетті.
- 7.10 Қоғамның директорлар Кеңесінің Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыртудан бас тарту туралы шешімін сот арқылы даулауға болады.
- 7.11 Егер «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда қарастырылған мерзім ішінде директорлар Кеңесі Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырту туралы шешім қабылдамаған болса, шақыртуды талап еткен тұлға сотқа Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыртуға мәжбүрлеу туралы шағыммен жүгінуге құқылы.

- 7.12 Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқылы Акционерлердің тізімін Тіркеуші Қоғам акцияларын иеленушілер іткremесін жүргізу жүйесі беретін мәліметтер негізінде бекітеді.
- 7.13 Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу күні мен орнының оған қатысуға құқылы тұлғалардың көпшілігі жете алатындай амалмен бекітілуі керек. Акционерлердің Жалпы жиналысының атқарушы орган орналасқан елді мекенде өткізілуі керек.
- 7.14 Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу мен шақырту туралы мәлімдеменің бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы және Акционерге «Акционерлік қоғамдар туралы» Заң бойынша жазбаша хабарлама арқылы жеткізілуі керек.
- 7.15 Миноритарлық Акционер Тіркеушіге Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдауда басқа Акционермен бірігу өтінішімен жүгіне алады.
- 7.16 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында аталған жағдайларда Акционерлердің Жалпы жиналысын қайталап өткізу Акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілген бастапқы (болмаған жиналыс) күнінен кейінгі күнге ғана ауыстырылады.
- 7.17 Акционерлердің Жалпы жиналысы қайталап өткізілетін жағдайдағы күн тәртібінің Акционерлердің болмай қалған Жалпы жиналысының күн тәртібінен өзгеше болмауы керек.
- 7.18 Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін директорлар Кеңесі қалыптастырады және онда талқыға салынатын мәселелердің нақты тізімінің көрсетілуі керек.
- 7.19 Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін Бас акционер немесе директорлар Кеңесі толықтыра алады, егер Қоғамның Акционерлеріне осындай толықтыру туралы мәлімдеме «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда қарастырылған тәртіп бойынша Жалпы жиналыс болатын уақыттан бес күн бұрын жасалған болса.
- 7.20 Тікелей қатысу арқылы өткізілетін Акционерлердің Жалпы жиналысын ашу барысында директорлар Кеңесі күн тәртібін өзгерту бойынша келіп түскен ұсыныстар туралы есеп беруге міндетті.
- 7.21 Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналысқа қатысып отырған дауыс беретін акциялардың басым көпшілігімен қабылданатын шешім негізінде жүзеге асырылады.
- 7.22 Күн тәртібіне өзгертулердің және (немесе) толықтырулардың енгізілуі мүмкін, егер олардың енгізілуіне Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған Акционерлердің (олардың өкілдерінің) басым көпшілігі дауыс берген болса және жалпы дауыс Қоғамның дауыс беретін акцияларының тоқсан бес пайызынан кем болмаса.
- 7.23 Акционерлердің Жалпы жиналысы (Бас акционер) шешімді сырттай қатысу арқылы қабылдайтын болса Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізілмейді.

- 7.24 Акционерлердің Жалпы жиналысы (Бас акционер) күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарастыра алмайды және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.
- 7.25 Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдардың аталған мәселелер бойынша шешім қабылдауға қажетті көлемде болуы керек.
- 7.26 Қоғамның органдарын тағайындау туралы материалдарда «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда көрсетілген акпараттардың болуы тиіс.
- 7.27 Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне Қоғамның директорлар Кеңесін сайлау туралы мәселе енгізілетін жағдайда (жаңа Директор қабылданатын болса) материалдарда ұсынылып отырған үміткердің қай Акционердің өкілі екендігі туралы немесе оның тәуелсіз Директор лауазымына тағайындалуға үміткер екендігі туралы мәліметтің болуы тиіс.
- 7.28 Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысының күн тәртібі бойынша материалдарда:
- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есеп-қисабының;
 - 2) жылдық қаржылық есеп-қисапқа жасалған аудиторлық есептің;
 - 3) Директорлар Кеңесінің өткен қаржылық жыл үшін Қоғамның таза табысын бөлу және Қоғамның бір акциясына шағылатын есеппен жылдық дивиденд мөлшерін анықтау туралы ұсыныстарының;
 - 4) Акционерлердің Қоғамның қызметіне немесе оның лауазымды тұлғаларына қатысты өтініштері және оларды қарастыру туралы қорытындылардың;
 - 5) директорлар Кеңесінің жылдық есебінің;
 - 6) Акционерлердің Жалпы отырысын шақыртушы тұлғаның қарауы бойынша басқа да тиісті құжаттардың болуы керек.
- 7.29 Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдардың Аткарушы орган орналасқан жерде Акционерлердің танысуы үшін Жалпы жиналыс өткізілетін уақытқа кемінде он күн қалғанда дайын және қол жетімді түрде ұсынылған болуы керек, ал егер Акционерден өтініш болса – осындай өтініш алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жолдануы керек, құжаттардың көшірмесін дайындау мен оны жеткізуге қатысты шығын Акционердің қаражаты есебінен өтеледі.
- 7.30 Акционерлердің Жалпы жиналысы (Бас акционер) күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы (кворум), егер Жалпы жиналыс қатысушыларын тіркеу уақыты аяқталғанға дейін оған қатысуға құқылы Акционерлер тізіміндегі Акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген болса, олардың барлығының Қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде елу пайызын құрауы керек.
- 7.31 Акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілмеген Жалпы жиналыстың орнына қайталап өткізілетін болса, төмендегі жағдайда күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыра алады және олар бойынша шешімдер қабылдай алады:

- 1) кворумның болмауына байланысты өткізілмеген Акционерлердің Жалпы жиналысын шақырту тәртібі бұзылмаған болса;
 - 2) Жалпы жиналыс қатысушыларын тіркеу уақыты аяқталғанға дейін оған қатысуға құқылы Акционерлер тізіміндегі Акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген болса, соның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер де бар.
- 7.32 Акционер сырттай дауыс беру үшін бюллетень жолдаған жағдайда аталған бюллетень арқылы жолданған және Қоғам Акционерлердің Жалпы жиналысының қатысушыларын тіркеу аяқталғанға дейін жеткізілген болса, кворумды анықтау және дауыс беру қорытындысын жасау барысында есепке алынады.
- 7.33 Сырттай дауыс беру арқылы Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу кезінде кворум болмаса Акционерлердің Жалпы жиналысы қайта өткізілмейді.
- 7.34 Акционер Акционерлердің Жалпы жиналысына тікелей немесе өкілі арқылы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заң бойынша қатысуға және онда дауыс беруге құқылы.
- 7.35 Акционерлердің Жалпы жиналысы басталғанға дейін келген Акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі оның Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқылы екендігін растайтын құжатын ұсынуы керек. Тіркеуден өтпеген Акционер (оның өкілі) кворум анықтау барысында есепке алынбайды және дауыс беруге қатыспайды.
- 7.36 Акционерлердің Жалпы жиналысы бекітілген уақытта кворум болған жағдайда ашылады. Акционерлердің Жалпы жиналысы белгіленген уақытынан бұрын ашыла алмайды, барлық Акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, мәлімдеме алған және Акционерлердің Жалпы жиналысын ашу уақытын өзгертуге келісімдерін білдіретін жағдайларды санамағанда.
- 7.37 Акционерлердің Жалпы жиналысы Жалпы жиналыстың Төрағасын (Президиумын) және Хатшысын тағайындайды.
- 7.38 Акционерлердің Жалпы жиналысы (Бас акционер) дауыс беру түрін анықтайды – ашық немесе жасырын (бюллетень бойынша). Акционерлердің Жалпы жиналысының Төрағасын (Президиумын) және Хатшысын тағайындау барысында әр Акционер бір дауысқа ие деп танылады, ал шешім қатысып отырғандардың басым көпшілігінің шешіміне сай қабылданады.
- 7.39 Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу барысында оның Төрағасы қарастырылып отырған мәселе бойынша шешім қабылдаудың жарыссөзін тоқтату және ол бойынша дауыс беру тәртібін өзгерту туралы ұсыныс жасай алады. Төраға күн тәртібінде қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы тұлғалардың сөздерін бұзуға құқылы емес, мұндай сөздердің Акционерлердің Жалпы жиналысының регламентін бұзатын немесе аталған мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылатын жағдайларды санамағанда.
- 7.40 Акционерлердің Жалпы жиналысы (Бас акционер) өз жұмысының барысында үзіліс алу туралы және жұмыс уақытын ұзарту туралы шешім қабылдауға құқылы, соның ішінде Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінде аталған кейбір мәселелердің талқылануын кейінге қалдыру да бар.

- 7.41 Акционерлердің Жалпы жиналысы (Бас акционер) тек қана күн тәртібіндегі барлық сұрақтар талқыланып, олар бойынша шешім қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жарияланады.
- 7.42 Акционерлердің Жалпы жиналысының Хатшысы Акционерлердің Жалпы жиналысының Хаттамасында көрсетілетін ақпараттың толықтығы мен дұрыстығына жауапты.
- 7.43 Акционерлердің Жалпы жиналысының (Бас акционер) шешімінің сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы ықтимал. Сырттай дауыс берудің Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған Акционерлердің тікелей дауыс беруімен қатар (аралас дауыс беру), болмаса Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізбестен өткізілуі мүмкін, мұндай дауыс беру «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға сай жүзеге асырылады.
- 7.44 Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидатымен жүзеге асырылады, төмендегі жағдайларды санамағанда:
- 1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында қарастырылған жағдайда бір Акционерге берілген акциялардың максималды саны бойынша шектеу болса;
 - 2) Директорларды тағайындау кезінде кумулятивтік амалмен дауыс берілетін болса;
 - 3) Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы әрбір тұлғаға Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізудің әрекеттік сұрақтары бойынша бір-бір дауыстан берілетін болса.
- 7.45 Дауыс кумулятивтік амалмен берілетін болса акциялар бойынша берілетін әр дауыстың Акционермен толықтай директорға үміткерге берілуі немесе директорға үміткер тұлғалар арасында тең бөлінуі мүмкін. Ең көп дауыс жинаған үміткер директорлар Кеңесіне тағайындалған болып табылады.
- 7.46 Егер Акционерлердің Жалпы жиналысында тікелей қатысу арқылы өткізу кезінде дауыс беру жасырын өткізілетін болса, онда осындай дауыс беру үшін қолданылатын бюллетендердің (әрі қарай осы бапта – тікелей қатысу арқылы жасырын дауыс беруге арналған бюллетендер) әрбір мәселе бойынша жеке-жеке «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сай әзірленуі керек.
- 7.47 Тікелей қатысу арқылы жасырын дауыс беруге арналған бюллетенге Акционер қол қоймайды, егер Акционер бюллетенге қол қоюға өзі ниет білдірмеген болса, соның ішінде Заң бойынша Қоғамға өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы талап ету мақсатында қол қою да бар.
- 7.48 Тікелей қатыса отырып жасырын дауыс беруге арналған бюллетень бойынша дауыстарды санау барысында дауыс беруші бюллетенде көрсетілген қарастырылатын мәселе бойынша дауыс беру тәртібін сақтай отырып берген, бюллетенде көрсетілген және ықтимал нұсқаның тек бірін ғана көрсете алатын дауыс аналады.
- 7.49 Дауыс беру қорытындысы бойынша дауыс беру қорытындысының Хаттамасы жасалады және оған қол қойылады.

- 7.50 Дауыс беру қорытындысы туралы Хаттама жасалғаннан кейін және оған қол қойылған соң тікелей қатыса отырып жасырын дауыс беруге арналған бюллетендер (соның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетендер де бар) Хаттамамен бірге тігіледі және Қоғамда сақталады. Дауыс беру қорытындысының Хаттамасы Акционерлердің Жалпы жиналысының Хаттамасына қоса тігіледі.
- 7.51 Дауыс беру қорытындысын Акционерлердің Жалпы жиналысы (Бас акционер) жариялайды. Акционерлердің Жалпы жиналысының дауыс беру қорытындысы немесе сырттай дауыс беру қорытындысы Акционерлерге оның бұқаралық ақпарат құралында жариялануы арқылы хабарланады және әрбір Акционерге Акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейінгі он бес жұмыс күні ішінде жазбаша хабарландыру жолдау арқылы мәлімденеді.
- 7.52 Акционерлердің Жалпы жиналысы хаттамасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға сай жасалуы керек және Жалпы жиналыс жабылғаннан кейінгі үш жұмыс күні ішінде қол қою қажет.
- 7.53 Акционерлердің Жалпы жиналысының Хаттамасына:
- 1) Акционерлердің Жалпы жиналысының Төрағасы (Президиум мүшелері) мен Хатшысы;
 - 2) Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан және Қоғамның дауыс беретін акцияларының он пайызына немесе одан да көп бөлігіне ие Акционер қол қояды.
- 7.54 Акционерлердің Жалпы жиналысының Хаттамасы дауыс беру қорытындысының Хаттамасчымен, Жалпы жиналысқа қатысу және онда дауыс беру құқығын растайтын Сенімхаттармен, қойылған қолдармен және Хаттамаға қол қоюдан бас тарту туралы түсініктермен бірге тігіледі. Аталған құжаттардың Атқарушы органда сақталуы тиіс және кез келген уақытта Акционерлерге танысу үшін қол жетімді болуы шарт. Акционердің талабы бойынша оған Акционерлердің Жалпы жиналысы Хаттамасының көшірмесі беріледі.

8. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- 8.1 Директорлар Кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылық етуге жауапты. Егер «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда өзге жағдайлар қарастырылмаған болса, төмендегі мәселелер директорлар Кеңесінің ғана құзырына жатқызылады және Бас директордың құзырына табысталмайды:
- 8.1.1 Қоғам қызметтерінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын анықтау, сонымен қоса Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;
 - 8.1.2 Акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналыстарын шақырту және өткізу туралы шешім қабылдау;
 - 8.1.3 Акцияларды орналастыру (сату) туралы шешім қабылдау, соның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың санын жарияланған акциялар мөлшерінде анықтау мен олардың бағасын және орналастырылу (сатылу) тәртібін анықтау да бар;
 - 8.1.4 Қоғамның орналастырылған акцияларын немесе Қоғамның басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы туралы шешім қабылдау және сатып алу бағасын анықтау;

- 8.1.5 Қоғамның жылдық есебін алдын ала бекіту;
- 8.1.6 Жылдық бюджетті, орта мерзімдік Бизнес-жоспарларды (3 жылдық) және ұзақ мерзімдік Бизнес-жоспарларды (5 жылдық) Қоғам үшін бекіту;
- 8.1.7 Директордар Кеңесінің Комитеттері туралы Ережелерді бекіту;
- 8.1.8 Қоғамның Бас директорын тағайындау және оны лауазымынан мерзімінен бұрын босату;
- 8.1.9 Бас директордың лауазымдық еңбекақысының мөлшерін анықтау және еңбек ақы өтемінің шарттарын бекіту;
- 8.1.10 Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын анықтау, қызмет мерзімін бекіту (егер ол болса), оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ оларды лауазымдарынан мерзімінен бұрын босату, ішкі аудит қызметінің ретін, ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбекақы өтемінің мөлшері мен тәртібін анықтау;
- 8.1.11 Корпоративтік хатшыны тағайындау және оның қызмет мерзімін бекіту, лауазымынан мерзімінен бұрын босату, сондай-ақ хатшы қызметінің ретін, еңбекақы өтемінің мөлшері мен тәртібін анықтау;
- 8.1.12 Қаржылық есеп-кисапқа аудит жүргізетін аудиторлық ұйым жұмысының ақысының көлемін анықтау;
- 8.1.13 Қоғамның акциясына өтем ретінде берілген немесе Ірі мәміленің заты болып табылатын мүліктің нарықтық құнын анықтау үшін бағалаушы қызметінің ақысының көлемін анықтау;
- 8.1.14 Қоғамның ішкі құжаттарын бекіту (Бас директордың Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында бекітетін құжаттарын санамағанда), соның ішінде Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу мен оларға аукцион жасау тәртібін қарастыратын құжат та бар;
- 8.1.15 Қоғамның өкілдіктері мен филиалдарын ашу немесе оларды тарату туралы шешім қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;
- 8.1.16 Қоғамның міндеттерін оның дербес капиталының жалпы көлемінің он пайызын құрайтын немесе одан да көп мөлшерін құрайтын шамаға арттыру туралы шешім қабылдау;
- 8.1.17 Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (қатыстық үлестерінің) 10 (он) пайызын және одан да көп бөлігін алуы (неліктен айыруы) туралы шешімдер қабылдау;
- 8.1.18 Акционерлердің (Қатысушылардың) құзырына жататын мәселелер бойынша акцияларының (қатыстық үлестерінің) 10 (он) пайызын және одан да көп бөлігін құрайтын заңды тұлғаға қатысты шешімдер қабылдау;
- 8.1.19 Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе Заңмен қорғалатын басқа да құпия болып табылатын ақпараттарды анықтау;
- 8.1.20 Қоғамның Ірі мәміле немесе мүдделі мәміле жасауы туралы шешім қабылдау;
- 8.1.21 Қоғамның кез келген қарыздар мен несиелер алуы туралы шешімдер қабылдау және келісімдер жасау;
- 8.1.22 Қоғамның мүлкін кепілге беру және Қоғамның кез келген кепіл жасауы туралы шешім қабылдау;

- 8.1.23 Бас директордың ұсынысы бойынша Қоғамның штаттық санын және ұйымдастырушылық құрамын бекіту;
- 8.1.24 Қоғамның облигациялар мен туынды бағалы қағаздар шығару тәртібін анықтау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 8.1.25 «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда және (немесе) осы Жарғыда қарастырылған және директорлар Кеңесінің ғана құзырына жататын өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

8.2 Директорлар Кеңесі 4 (төрт) Директордан тұрады, оларды Акционерлердің Жалпы жиналысы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның талаптары бойынша тағайындайды, олардың 2 (екеуінің) Тәуелсіз директор болулары керек.

8.3 Директорларды тағайындауды Акционерлер кумулятивтік амалмен, дауыс беруге арналған бюллетендерді пайдалану арқылы жүзеге асырады, директорлар кеңесіне мүше болуға арналған бір орынға бір үміткер ниет білдіретін жағдайды санамағанда.

Кумулятивтік дауыс беру бюллетенінде мынадай жолақтардың болуы керек:

- 1) Директорлыққа үміткер тұлғалар тізімі;
- 2) Акционерге тиесілі дауыс саны;
- 3) Акционердің Директорлыққа үміткер тұлғаға берген дауыс саны.

8.4 Кумулятивтік дауыс беру бюллетеніне «қарсы» және «дауыс беруден бас тарту» нұсқаларын енгізуге болмайды.

8.5 Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауыстарын Директорлыққа үміткерлердің біріне толықтай беруге немесе бөлуге құқылы. Директорлар Кеңесіне дауыстың басым көпшілігіне ие болған үміткер мүше болып тағайындалады. Егер Директорлыққа үміткер бір немесе бірнеше тұлға тек дауыс жинаған болса, онда осындай үміткерлер арасында қосымша кумулятивтік дауыс беру жүргізіледі.

8.6 Директорлар Кеңесі қызметінің мерзімін Акционерлердің Жалпы жиналысы анықтайды.

8.7 Директорлар Кеңесі қызметінің мерзімі директорлардың жаңа Кеңесі тағайындалатын Акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілген уақытта тоқтатылады.

8.8 Акционерлердің Жалпы жиналысы барлық Директорлардың немесе белгілі Директордың лауазымын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Акционерлердің Жалпы жиналысы лауазымын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап осындай Директордың қызмет мерзімі аяқталады.

8.9 Директорды оның бастамасы бойынша лауазымынан уақытынан бұрын босату директорлар Кеңесіне жазбаша түрде тапсырылатын мәлімдеме-өтініш негізінде арқылы жүзеге асырылады. Осындай Директордың құзыры аталған мәлімдемені директорлар Кеңесі алған уақыттан бастап тоқтатылады.

8.10 Директордың лауазымы мерзімінен бұрын тоқтатылатын болса, жаңа Директорды тағайындау кумулятивтік дауыс беру арқылы Акционерлердің Жалпы

жиналысында жүзеге асырылатын болса, жаңадан тағайындалатын Директордың лауазымы директорлар Кеңесінің құзыры тоқтатылатын уақытта бергі тоқтатылады.

- 8.11 Директорлар Кеңесінің жиналысының Төрағаның немесе Бас директордың талабы бойынша шақыртылуы мүмкін немесе:
- 1) кез келген Директор;
 - 2) ішкі аудит қызметі (егер ол болса);
 - 3) аудиторлық ұйым;
 - 4) Бас акционер шақырта алады.
- 8.12 Директорлар Кеңесінің жиналысын шақырту туралы талап Төрағаға тиісті жазбаша өтініштің жолдануы арқылы жасалады, онда директорлар Кеңесінің жиналысына ұсынылатын күн тәртібі көрсетіледі.
- 8.13 Егер Төраға директорлар Кеңесінің жиналысын шақыртудан бас тартатын болса, талап етуші аталған талаппен директорлар кеңесінің жиналысын шақыртуға міндетті атқарушы органға жүгіне алады.
- 8.14 Директорлар Кеңесі жиналысының Төрағамен немесе Атқарушы органмен шақырту туралы өтініш түскен уақыттан бастап он күннен кешікпейтін мерзімде шақыртылуы тиіс.
- 8.15 Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды Директорлар жиналыс болатын күнге кемінде жеті күн калғанда тапсырады.
- 8.16 Егер Ірі мәміле және (немесе) мүдделі мәміле жасау туралы шешім қабылдау мәселесі қарастырылатын болса, мәміле бойынша оның тараптары, мәміленің орындалу шарты мен мерзімі, қатысатын тұлғалардың сипаты мен үлес көлемдері туралы ақпараттар, бағалаушының есебі тапсырылады, егер осындай мәміле нәтижесінде Қоғам Активтерінің жалпы құнының он пайызына немесе одан көп мөлшеріне тең мүлік алынатын болса немесе иеліктен алынатын болса.
- 8.17 Директорлар Кеңесінің кворумы кемінде Директорлардың жартысы жиналса қабылданады. Жоғарыда айтылғанға қарамастан, директорлар Кеңесінің жиналысын өткізуге бекітілген уақыттан бастап 30 минут ішінде кворум жиналмаған болса, директорлар Кеңесінің жоспарланған жиналысы кворумның болмауына байланысты бастапқы жиналыс үшін бекітілген күннен кейінгі 7 (жетінші) күнге ауыстырылып, сол жерде және сол уақытта өткізілетін болады. Егер Директорлардың жалпы саны кворум үшін жеткіліксіз болса, директорлар Кеңесі жаңа Директорлар тағайындау үшін кезектен тыс Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыртуға міндетті.
- 8.18 Әр Директор директорлар Кеңесінің жиналысында 1 (бір) дауысқа ие. Директорлар Кеңесінің шешімі жиналысқа қатыстып отырған Директорлардың дауыстарының көпшілігімен қабылданады.
- 8.19 Әр Қаржылық жыл басталғанға дейін директорлар Кеңесі Төрағаны тағайындайды және ол директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның жиналыстарын шақыртады, өткізеді, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған өзге де міндеттерді атқарады. Бас директорды директорлар Кеңесінің жиналысы тағайындай алмайды.

Бірінші Төраға бастапқы 1 (бір) жылдық мерзімге тағайындалады. Осыдан соң Төраға директорлар Кеңесімен 3 (үш) жылға тағайындалады. Егер Төраға директорлар Кеңесінің жиналысына қатыса алмайтын болса, директорлар Кеңесі директорлар Кеңесінің осындай жиналысына Төрағаның орынбасары ретінде басқа Директорды сайлай алады.

- 8.20 Директорларға жиналыстың өтуіне кемінде 3 (үш) күн қалғанда директорлар Кеңесінің жиналысының болатындығы туралы мәлімдеме жолданады, жиналыстың күн тәртібінде қарастырылатын мәселелер бойынша материалдар қоса жолданады. Мұндай әлімдемеде жиналыс өткізілетін күн, өткізу уақыты мен орны, сонымен қоса күн тәртібінің көрсетілуі керек.
- 8.21 Кез келген Директор директорлар Кеңесінің кез келген жиналысына телефондық немесе бейне-конференция арқылы, болмаса осыған ұқсас байланыс құралдары арқылы қатыса алады, тек басқа Директорлардың келісімінің болуы және барлық жиналысқа қатысып отырған Директорлардың бір-бірін естуі шарт. Осындай амалмен жиналысқа қатысу тікелей қатысумен тең деп танылады және осындай амалмен берілетін дауыс директорлар Кеңесінің жиналысына тікелей қатыса отырып берілген дауыс ретінде қабылданады.
- 8.22 Директорлар Кеңесі директорлар Кеңесінің жиналысының карауына ұсынылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға құқылы. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдер бюллетендерде көрсетілген уақытта кворум жиналатын болсажарамды деп танылады. Директорлар Кеңесінің кворумы кемінде Директорлардың жартысы жиналса қабылданады. Жоғарыда айтылғанға карамастан, директорлар Кеңесінің жиналысын өткізуге бекітілген уақыттан бастап 30 минут ішінде кворум жиналмаған болса, директорлар Кеңесінің жоспарланған жиналысы кворумның болмауына байланысты бастапқы жиналыс үшін бекітілген күннен кейінгі күнге ауыстырылып, сол жерде және сол уақытта өткізілетін болады. Егер Директорлардың жалпы саны кворум үшін жеткіліксіз болса, директорлар Кеңесі жаңа Директорлар тағайындау үшін кезектен тыс Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыртуға міндетті. Егер директорлар Кеңесінің жиналысын шақырту туралы талап болмаса, Төраға дереу арада жрғарыда аталған уақыттан соң 15 (он бес) күн ішінде Директорларға дауыс беру қорытындылары туралы мәлімдемелер жасайды.
- 8.23 Директорлар Кеңесінің отырыстарында тікелей қатыса отырып дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері Хаттама арқылы ресімделеді, оған жиналысқа төрағалық еткен тұлға қолын қояды және директорлар Кеңесінің Хатшысы жиналыс өткізілгеннен кейінгі үш күн ішінде қол қойып, мыналардың болуын қамтамасыз етеді:
- 1) Аткарушы органның толық атауы және орналасқан жері;
 - 2) Жиналыстың өткізілген уақыты, күні мен орны;
 - 3) жиналысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
 - 4) жиналыстың күн тәртібі;
 - 5) дауыс беруге ұсынылған мәселелер және олар бойынша берілген дауыстардың қорытындылары, әр Директордың күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша берген дауысы жеке-жеке көрсетіледі;
 - 6) қабылданған шешімдер.

- 8.24 Директорлар Кеңесі жиналыстарының Хаттамасы мен директорлар Кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданған болса, Қоғамда сақталады. Директорлар Кеңесінің Хатшысы Директордың талабы бойынша оған директорлар Кеңесі жиналысының Хаттамасының көшірмесін және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдердің көшірмелерін танысу үшін беруге және (немесе) Хаттамадан және шешімнен үзінді көшірмені Қоғамның лауазымды тұлғаның қолымен және мөрмен куәландырып беруге міндетті.
- 8.25 Директорлар Кеңесінің отырыстарында қабылданған шешімдері Хаттама арқылы ресімделеді, оған жиналысқа төрағалық еткен тұлға қолын қояды және корпоративтік Хатшы жиналыс өткізілгеннен кейінгі үш күн ішінде қол (егер ол болмаса, директорлар Кеңесінің Хатшысы қол қояды).
- 8.26 Акционер Қоғамның директорлар Кеңесінің «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның және Жарғының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешімдерін сот арқылы даулауға құқылы, егер аталған шешім Қоғамның және (немесе) оның Акционерінің заңды құқытары мен мүдделеріне нұқсан келтіретін болса.

9. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

- 9.1 Негұрлым маңызды мәселелерді қарастыру үшін және директорлар Кеңесіне белгілі ұсыныстарды дайындау үшін Қоғамда директорлар Кеңесінің төмендегі Комитеттері құрылады:
- a) Бюджеттік және стратегиялық жоспарлау жөніндегі Комитет;
 - b) Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет;
 - c) Ішкі аудит жөніндегі Комитет;
 - d) Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша өзге де комитеттердің құрылуы мүмкін.
- 9.2 Директорлар Кеңесінің Комитеттері директорлар Кеңесі мүшелерінен және белгілі Комитетте жұмыс жасауға қажетті біліктілігі бар Сарапшылардың тұрады.
- 9.3 Директорлар Кеңесінің әрбір Комитетін Бас директор болып табылмайтын директор басқарады. Комитеттердің Төрағасының Тәуелсіз Директор болуы мүмкін.
- 9.4 Директорлар Кеңесінің Комитеттерінің жұмысының кестесі мен тәртібі Қоғамның ішкі құжатымен, директорлар Кеңесінің бекітуімен анықталады.
- 9.5 Қоғамның директорлар Кеңесі бекітетін Ішкі органының өзге де мәселелерді реттейтін жеке комитет болып құрылуы мүмкін.

10. АТҚАРУШЫ ОРГАН

- 10.1 Қоғамның ағымдық қызметіне Қоғамның Басқармасы басшылық етеді. Қоғамның Басқармасы Қоғам қызметіне катысты кез келген мәселе бойынша шешім қабылдай алады, Қазақстан Республикасының заңнамасы, осы Жарғы және корпоративтік басқару Кодексі бойынша Қоғамды басқару Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзырына жатқызылмаған болса. Қоғамның атқарушы органының мүшесінің дауыс беру құқығының басқа тұлғаға, соның ішінде Қоғамның атқарушы органының басқа мүшелері де бар, табысталуына тыйым салынған. Қоғамның Басқармасы акционерлердің Жалпы жиналысының (Бас

акционердің) және АҚ директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті және Қоғамның аталған органдарының алдында сол органдардың Қоғамның Басқармасына жүктеген міндеттерін орындау үшін жауапты болып табылады.

- 10.2 Қоғамның акционерлері мен оның акционері болып табылмайтын жұмыскерлері Басқарма мүшесі бола алады. Басқарманы Қоғамның директорлар Кеңесі 5 (бес) адам етіп 3 (үш) жылдық мерзімге тағайындайды. Қоғамның Басқармасының Төрағасын Қоғамның директорлар Кеңесі сайлайды.
- 10.3 Қоғамның Басқармасын Қоғамның Басқармасының Төрағасы басқарады және Қоғамның акционерлерінің Жалпы жиналысына (Бас акционерге) және директорлар Кеңесіне есеп береді, жүктелген міндеттердің атқарылуы үшін жауапты болып табылады.
- 10.4 Қоғамның Басқармасының әрбір мүшесінің атақратын қызметтері, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен, Қоғамды корпоративтік басқару Кодексімен, Қоғамның Басқарма мүшесімен жасалатын еңбек келісім-шартымен бекітіледі. Қоғамның атынан Қоғамның Басқармасының Төрағасымен жасалатын еңбек келісім-шартына Қоғамның директорлар Кеңесінің Төрағасы немесе осындай мақсаттар үшін акционерлердің Жалпы жиналысы (Бас акционер) тағайындаған тұлға қол қояды. Қоғам Басқармасының басқа мүшелерімен еңбек келісім-шартын Қоғамның Басқармасының Төрағасы жасайды.
- 10.5 Қоғам Басқармасының мүшелері басқа заңды тұлғаларда Қоғамның директорлар Кеңесінің келісімі болған жағдайда ғана жұмыс жасай алады. Қоғам Басқармасының Төрағасы атқарушы органның басшысы лауазымына немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының қызметтерін өз бетінше атқаратын лауазымына тағайындалуға құқылы емес.
- 10.6 Бас директор:
 - 10.6.1 Акционерлердің Жалпы жиналыстарының (Бас акционер) және директорлар Кеңесі жиналыстарының шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
 - 10.6.2 Қоғамның атынан үшінші тұлғалар алыдында сенімхатсыз әрекет етеді.
 - 10.6.3 Үшінші тұлғалар алдында Қоғамның мүддесін қорғау үшін сенімхаттар береді;
 - 10.6.4 Қоғамның жұмыскерлерін қабылдайды, жұмыстарын ауыстырады және жұмыстан босатады, тәртіптік жауапкершілікке тартады, Қоғамның директорлар Кеңесі бекіткен штаттық кестеге және тәртіпке сай лауазымдық ақы мөлшері мен үстемақы көлемін анықтайды, Қоғам жұмыскерлеріне берілетін сыйлықақылар көлемін анықтайды;
 - 10.6.5 Қоғамның директорлар Кеңесінің қарауына және бекітуіне Қоғамның дамуының стратегиялық жоспарын әзірлейді және ұсынады;
 - 10.6.6 Қоғамның заңдық кеңесшілерін тағайындайды және босатады;
 - 10.6.7 Қоғамның атынан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Құрылтай құжаттарында қарастырылған тәртіп бойынша мәмілелер жасайды;
 - 10.6.8 Шешімдер қабылдайды (қаулылар) Қоғамның барлық жұмыскерлері үшін орындалуы міндетті талаптар қояды;

- 10.6.9 Қоғамның Шаруашылық қызметі бойынша ақпараттардың директорлар Кеңесінің мүшелеріне олардың өздерінің лауазымдық қызметтерін атқаруы үшін уақытында берілуін қамтамасыз етеді, құпия сипаттағы ақпараттарды қоса алғанда, мұндай ақпарат өтініш алынған күннен бастап 10 (он) күн ішінде беріледі;
- 10.6.10 Қоғамның директорлар Кеңесіне Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының жылдық қаржылық – шаруашылық қызметі жайлы ақпаратты дайындайды, ұсынады және қажет болған жағдайда бекітеді;
- 10.6.11 Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;
- 10.6.12 Осы Жарғыда, Қоғамды корпоративтік басқару Кодексінде, акционерлердің Жалпы жиналысының (Бас акционердің) немесе директорлар Кеңесінің шешімдерінде қарастырылған міндеттерді, сонымен қатар Қоғамның басқармасына Қазақстан Республикасының заңнамасына сай Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы (Бас акционер) немесе директорлар Кеңесі міндеттеген қызметтерді жүзеге асырады (Қазақстан Республикасының заңнамасы, осы Жарғы, Қоғамды корпоративтік басқару Кодексі бойынша Қоғамның аталған органдарының ерекше құзырына жататын мәселелерді санамағанда).

10.7 Қоғам Басқармасының Төрағасы:

- 10.7.1 Акционерлердің Жалпы жиналысының (Бас акционердің) және Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 10.7.2 Қоғамның атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынас барысында сенімхатсыз әрекет етеді;
- 10.7.3 Үшінші тұлғалармен болатын қарым-қатынас барысында Қоғам мүддесін ұсыну үшін сенімхаттар береді, құзыры шеңберінде келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) жасайды;
- 10.7.4 Қоғам жұмыскерлерін қабылдауды, ауыстыруды және босатуды жүзеге асырады (Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында қарастырылған жағдайларды санамағанда), оларға қатысты мадақтау шараларын жүзеге асырады және тәртіптік жауапкершілікке тартады, Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық ақыларының және лауазымдық ақыға үстеме төлемдердің мөлшерін Қоғамның штаттық кестесіне сай бекітеді, Қоғам жұмыскерлерінің сыйлықақыларының мөлшерін бекітеді, Қоғамның Басқармасына мүше болып табылатын жұмыскерлерді санамағанда;
- 10.7.5 Қоғамның директорлар Кеңесінің қарауына және бекітуіне Қоғам Басқармасының сандық құрамы бойынша, Қоғам Басқармасына мүше болып тағайындалатын үміткерлер мен олардың лауазымдық ақылары, сыйақы беру шарттары бойынша ұсыныстар жасайды;
- 10.7.6 Қоғамның барлық жұмыскерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады, нұсқаулар жасайды;
- 10.7.7 Өзі болмаған жағдайда міндеттерін орындау үшін Қоғам Басқармасының бір мүшесін тағайындайды. Қоғамның органдарымен, лауазымды тұлғаларымен және жұмыскерлерімен, сондай-ақ үшінші тұлғалармен Қоғамның Басқармасының осы мүшесі Қоғамның Басқармасының Төрағасының

міндеттерінің оған жүктелуі туралы бұйрық пен осы Жарғы негізінде әрекет етеді;

- 10.7.8 Қоғам Басқармасының мүшелері арасында міндеттерді бөледі, құзырларының көлемі мен жауапкершіліктерін бекітеді;
- 10.7.9 Қоғам Басқармасының отырыстарын өткізу мен Қоғам Басқармасы отырыстарының хаттамасын жүргізуді ұйымдастырады;
- 10.7.10 Өзінің құзыры шеңберінде Қоғамның, оның құрылымдық және/немесе ерекше құзырлы бөлімшелерінің қызметтерін үйлестіреді және бақылайды, сонымен қатар тәуелді акционерлік қоғамдардың, еншілес және бірлескен ұйымдардың қызметтерін Қоғамның директорлар Кеңесінің аталған заңды тұлғалардың қызметтері туралы шешімдері негізінде басқарады;
- 10.7.11 Қоғамды басқару құрамын, сонымен қатар Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы Ережені бекітеді;
- 10.7.12 Қоғамның атынан барлық/кез келген заңдық маңызы бар әрекеттерді жүзеге асырады, мәмілелер жасайды және оларға қол қояды, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына, осы Жарғыға және Қоғамды кооперативтік басқару Кодексіне сәйкес Қоғамның жоғарғы органдарының құзырына жататын мәмілелер мен әрекеттерді санамағанда;
- 10.7.13 Қоғамның материалдық, еңбектік, қаржылық және өзге де ресурстарының орында қолданылуын бақылайды;
- 10.7.14 Осы Жарғыда, Қоғамды Корпоративтік басқару Кодексінде, акционерлердің Жалпы жиналысының (Бас акционердің) және Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімдерінде қарастырылған басқа да қызметтерді жүзеге асырады, сондай-ақ Қоғамның Басқармасының Төрағасына Қазақстан Республикасының заңнамасына, акционерлердің Жалпы жиналысының (Бас акционердің) және Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімдеріне сай табысталған өзге де міндеттемелерді орындайды (осы Жарғыға және Қоғамды кооперативтік басқару Кодексіне сәйкес Қоғамның жоғарғы органдарының құзырына жататын мәселелерді санамағанда).
- 10.7.15 Қоғам Басқармасының Төрағасы өзінің құзырына дататын мәселелерді Қоғам Басқармасына талқылауға және алқалық шешім қабылдауға ұсына алады.
- 10.7.16 Қоғам Басқармасының мүшелері Қоғамның лауазымды тұлғалары болып табылады, олар:
- 10.7.17 Өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен оның акционерлерінің мүддесін білдіретін барынша қолайлы амалдарды пайдаланады;
- 10.7.18 Осы Жарғыға, Қоғамды корпоративтік басқару Кодексіне, Қоғамның акционерлерінің Жалпы жиналысының (Бас акционердің) және Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімдеріне қайшы мақсатта Қоғамның мүлкін пайдаланбайды немесе пайдаланылуына жол бермейді, өз мақсаттарына орай пайдалану да бар, өзінің аффилиирленген тұлғаларымен мәміле жасау барысында асыра пайдаланбайды;
- 10.7.19 Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп-қисап жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етеді, тәуелсіз аудиттің жүргізілуін қоса алғанда;
- 10.7.20 Қоғамның қызметі туралы ақпараттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сай ашылуын және берілуін бақылайды;

- 10.7.21 Қоғам қызметі туралы ақпараттардың құпиялылығын сақтайды, Қоғамда қызмет етуін тоқтатқан уақыттан кейінгі 3 (үш) жыл бойы, егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзге жағдайлар қарастырылмаған болса.
- 10.7.22 Жемқорлыққа қарсы әрекет етеді;
- 10.7.23 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жемқорлықтың орын алуына қатысты (жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылық) немесе жемқорлықтың орын алуына жағдай жасайтын оқиғаның орын алуына байланысты жауапкершілікке тартылады.
- 10.7.24 Қоғам Басқармасының мүшелігіне сот арқылы бас бостандығынан айырылған және материалдық құндылықтарға қатысты бөлу, тарату қызметтерімен айналысуға тыйым салынған тұлғалар сайлана алмайды.
- 10.7.25 Қоғам Басқармасы мүшелерінің еңбек ақыларының өтемі Қоғамның осы Жарғы бойынша бекітілген ішкі құжаттарымен және Қоғамды корпоративтік басқару Кодексімен бекітілген мөлшерде және тәртіпте жүзеге асырылады.
- 10.7.26 Қоғам Басқармасының отырысы қажет болған жағдайда, Қоғам Басқармасының кез келген мүшесінің бастамасымен шақыртылады. Кворум Қоғам Басқармасының отырысын өткізу үшін Қоғамның Басқарма мүшелерінің кемінде үштен екі бөлігі болуы керек. Қоғам Басқармасының отырысында шешімдер ашық дауыс беру арқылы Қоғам Басқармасы мүшелерінің басым көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Қоғамның Басқармасының Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 10.7.27 Қоғам Басқармасының қарауына мәселелер ұсыну құқығы Қоғам Басқармасы мүшелеріне, директорлар Кеңесінің Төрағасына және Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелеріне тиесілі. Қоғам Басқармасының отырысына Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелері қатыса алады, Қоғамды басқару аппаратының жұмыскерлері мен өзге де тұлғалар шақыртылады.
- 10.7.28 Қоғам Басқармасы отырысы хаттамамен ресімделеді, жалпы алғанда Қоғамның Басқармасы тағайындайтын хатшымен жүргізіледі. Хаттамаға ағымдық нөмір (жылдың басынан бастап) және реттік (Қоғам Басқармасы құрылғаннан бастап) нөмір беріледі. Хаттамада отырыстың өткізілетін орны мен күні, Қоғам Басқармасының қатысқан және қатыспаған мүшелерінің саны, олардың қатыспау себептері көрсетіледі. Хаттамада Қоғам Басқармасының күн тәртібіне бекіткен мәселелері, бекітілген күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша қабылданған шешім көрсетіледі. Хаттамаға отырысқа қатысқан барлық Қоғам Басқармасы мүшелерінің қол қоюы керек, сонымен қатар Басқарма Төрағасы мен Қоғам Басқармасының хатшысы қол қояды. Қоғам Басқармасының хатшысы 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде қабылданған шешімдердің орындалуын қамтамасыз ету үшін Қоғам Басқармасы отырысының хаттамасының үзінді көшірмелерін тиісті тұлғаларға береді.
- 10.8 Қоғам Басқармасы отырыстарының хаттамалары, жариялануы Қоғамға нұқсан келтіруі мүмкін Қоғам қызметі туралы құпия ақпарат бар хаттамаларды санамағанда, танысу үшін Қоғамның кез келген акционеріне немесе оның заңды өкіліне беріледі. Қоғам Басқармасы отырыстарының хаттамалары Қоғамның заңдық мекен-жайы бойынша Қоғамның мұрағатында сақталады.

11. АҚПАРАТТЫ АШУ

- 11.1 Қоғам Акционерге Қоғамның қызметі туралы Акционердің мүддесіне қатысты ақпаратты беруге міндетті, соның ішінде төмендегілер бар, бірақ олармен шектелмейді:
- 11.1.1 Қоғамның Акционерлерінің Жалпы жиналысы (Бас акционер) және директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдер, Қоғамның ішкі құжаттарына сай Акционерлер мен Инвесторларға мәлімденуі тиіс ақпараттар тізімі бойынша;
 - 11.1.2 Қоғамның акциялар немесе басқа да бағалы қағаздар шығаруы, органдардың Қоғамның акцияларын орналастыру туралы есептері, Қоғамның акцияларының өтелу қорытындысы туралы есеп, Қоғамның органының акцияларды алып тастауы туралы мәліметтер;
 - 11.1.3 Қоғамның Ірі мәміле немесе мүдделі мәміле жасауы;
 - 11.1.4 Нәтижесінде Қоғамның активтерінің елу немесе одан да көп пайызы иеліктен айырылатын мәміле туралы деректерге мәміленің тараптары, сатылып алынатын немесе иеліктен алынатын активтер, мәміленің мерзімі мен шарттары, қатысты тұлғалардың сипаттамасы мен үлестері туралы ақпараттардың, сонымен қатар басқа да мәміле туралы деректердің болуы керек.
 - 11.1.5 Қоғамның қаржыландыру көзін алуы, мұндай қаржының жалпы сомасының Қоғам Активтерінің 25 (жиырма бес) және одан да көп бөлігін құрауы мүмкін;
 - 11.1.6 Қоғамның қызметтің белгілі түрлерімен айналысуына қажетті рұқсаттар алуы, Қоғамның белгілі қызмет түрімен айналысуға бұрын алған рұқсатын тоқтатуы немесе жоюы;
 - 11.1.7 Қоғамның қызметтің белгілі түрлерімен айналысуына рұқсат алу, Қоғамның қызметтердің белгілі түрімен айналысу үшін бұрын алған рұқсаттарын тоқтату немесе жою;
 - 11.1.8 Қоғамның мүлкін тұтқындау;
 - 11.1.9 Төтенше сипаттағы жағдайлардың орын алуы, нәтижесінде Қоғамның мүлкі жойылатын болса және оның баланстық құны Қоғамның Активтерінің 10 (он) пайызын немесе одан да көп бөлігін құраса;
 - 11.1.10 Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;
 - 11.1.11 Сотта корпоративтік дау бойынша істің қозғалуы;
 - 11.1.12 Қоғамның мәжбүрлі түрде қайта құрылуы туралы шешім;
 - 11.1.13 Қоғамның Акционерлерінің мүддесіне қатысы бар осы Жарғыда аталған өзге дағ жағдайлар, сондай-ақ бағалы қағаздар шығару туралы Ережеде қарастырылған жағдайлар.
- 11.2 Қоғам Акционерге оның жазбаша талабы бойынша осы баптың 11.1-тармағында аталған құжаттардың баспалық көшірмесін 10 (он) күн ішінде беруге міндетті. Мұндай қызмет үшін алынатын ақының көшірме дайындауға жұмсалатын сомадан артық болмауы тиіс.
- 11.3 Қоғам қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы бойынша қорғалатын басқа да құпия ақпараттармен таныс лауазымды тұлғалардың тізімін жүргізеді.
- 11.4 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында талап етілетін жағдайда және осындай талап төңірегінде Қоғам жоғарыда аталған ақпаратты ақпарат құралдарында жариялауға немесе басқа амалмен Қоғамның Акционерлері мен

Инвесторларына белгіленген уақытта мәлімдеуге міндетті. Ақпарат құралында жариялау мақсатында Қоғам Республикалық «Қазақстанская правда» және/немесе «Егемен Қазақстан» газеттерін, болмаса қаржылық есеп Депозитарийінің WEB-сайтын пайдаланады. Қоғам сатып алу бойынша басым құқықты акцияны орналастыратын болса, Қоғам алдымен Акционерлердің атына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында бекітілген тәртіпте және мерзімде жазбаша мәлімдеме жолдайды.

12. ҚОҒАМНЫҢ АФФИЛИРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ

- 12.1 Қоғам өзінің Аффилірленген тұлғаларының тізімін сол тұлғалар немесе Тіркеуші беретін мәліметтер негізінде заңнама талабына сай жүргізуге міндетті.
- 12.2 Қоғамның Аффилірленген тұлғасы болып табылатын жеке және заңды тұлғалар Қоғамға аффилийрлік туындаған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде өздерінің аффилірленген тұлғалары туралы мәліметті тапсыруға міндетті.

13. ҚОҒАМНЫҢ ҚАЙТА ҚҰРЫЛУЫ

- 13.1 Қоғамның қайта құрылуы (қосылу, бірігу, бөліну, жекешелену, түрлену) ерікті түрде Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі негізінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған тәртіп бойынша жүзеге асырылады.
- 13.2 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайларда Қоғам құзырлы мемлекеттік органдардың немесе соттың шешімі бойынша мәжбүрлі түрде қайта құрылатын болады.
- 13.3 Қайта құрылған жағдайда Қоғамның Жарғысына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай тиісті өзгертулер енгізіледі.

14. ҚОҒАМНЫҢ ТАРАТЫЛУЫ


- 14.1 Қоғам ерікті түрде немесе соттың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған тәртіп бойынша таратылады.
- 14.2 Қоғамның таратылуын Акционерлердің Жалпы жиналысы немесе сот тағайындайтын тарату комиссиясы жүзеге асырады.
- 14.3 Ол тағайындалғаннан кейін тарату комиссиясы Қоғамның қызметі мен мүлкін басқару жауапкершілігін мойнына алады.
- 14.4 Қоғам Құрылтай құжаттарының және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сай таратылады.
- 14.5 Тарату шаралары аяқталғаннан кейін қалған мүлік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай бөлінеді.

15. ҚОҒАМНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР

- 15.1 Бұл жарғыдағы баптардың тақырыптары тиісті ережелердің мағынасына әсер етпейді.
- 15.2 Бұл Жарғыда қарастырылмаған кез келген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, Құрылтай құжаттары, Акционерлердің Жалпы жиналыстарының шешімдері, Қоғамның ішкі құжаттары және басқа да міндетті орындалымды құжаттар арқылы реттеледі.
- 15.3 Егер осы Жарғының қандай да бір талаптары күшін жоятын болса, ол басқа талаптарына нұқсан келтірмейді. Мұндай жарамсыз деп танылған талап Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы бойынша тиісті талапқа ауыстырылады.
- 15.4 Бұл жарғы орыс және қазақ тілдерінде жасалды, мәтіндерінің заңдық күші тең; Жарғының әр түрлі тілдегі нұсқаларының арасында қарама-қайшылық немесе сәйкессіздік болған жағдайда мәтіннің орыс тілдегі нұсқасы басым күшке ие деп танылады және Акционерлердің Жалпы жиналысы сәйкессіздікті жою үшін қазақ тіліндегі нұсқасына түзету енгізуге міндетті.

БАС ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

2016 жылдың «21» қазанында берілген сенімхат бойынша өкілі

 / Утешев Кашан-ад-Дин Ерболат